

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа мемлекеттерінде Достастыққа қатысушы мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының өкілі болып табылатын тілшінің мәртебесі туралы конвенцияны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 968 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа мемлекеттерінде Достастыққа қатысушы мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының өкілі болып табылатын тілшінің мәртебесі туралы конвенция бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Аударма

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа мемлекеттерінде Достастыққа қатысушы мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының өкілі болып табылатын тілшінің мәртебесі**

**т у р а л ы**

**Конвенция**

**Ресми куәландырылған мәтін**

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушылары - мемлекеттер үкіметтері атынан, бұдан әрі - Тараптар, өз мемлекеттерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы ақпаратты кеңінен әрі еркін тарауға көмектесуді қалап, халықаралық құқықтың жалпыға белгілі принциптері мен нормаларын сақтауға, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін тілшінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында кепілдіктер беруге ұмтылып,

1992 жылғы 9 қазандағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді негізге алып,

кең ақпараттық алмасуға жәрдемдесуді көздейтін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысына сәйкес іс-қимыл жасай отырып, төмендегі жайлы келісті:

**1-бап**

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

тілші - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-басқа мемлекетте тіркелген,

Тараптардың бірінің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін, оның ұлттық заңнамасына сәйкес тіркелген (азаматтығына қарамастан) тұлға;  
тіркеуші мемлекет - тілші тіркелген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қ а т ы с у ш ы - м е м л е к е т ;

тіркеу - тіркеуші мемлекеттің уәкілетті органы жанында бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің белгілі бір мерзімге тағайындалу және тіркеу құжатын алуы;  
уәкілетті органдар - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-басқа мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін тілшіні тіркеу мен оның қызметі мәселелерін регламенттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органдар.

## **2-бап**

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін тілшілердің кәсіптік қызметін жүзеге асыруға, тілшілер тіркеуші мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірі туралы шынайы ақпаратты алуға және таратуға неғұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

## **3-бап**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекетте тіркелген тілшілердің құқықтық жағдайы халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптері және нормаларымен, халықаралық шарттармен, осы Конвенцияның баптарымен және Тараптар заңнамасымен реттеледі.

## **4-бап**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекетте тіркелген тілшілердің кәсіби қызметі тіркеуші мемлекеттің заңнамасына және журналистік этиканың жалпыға ортақ ережелері мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **5-бап**

Ұлттық заңнамаға сәйкес Тараптар тілшілердің кәсіби қызметтерін жүзеге асыруына байланысты олардың өмірін, ар-ожданын, абыройын және мүлкін қорғауды қамтамасыз етеді.

## **6-бап**

Тілшілер кәсіби міндеттерін жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган тұлғасындағы Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес тілшілерге ақпараттың ресми көздеріне қол жеткізуге, тіркеуші мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне ұсынылатын негіздерге тең негіздерде баспасөз конференциялары мен басқа да осы сияқты іс-шараларға қатысуға жәрдемдеседі және тілшілердің ақпарат көзінің жасырындылығын сақтау құқығын таниды.

## **7-бап**

Тілшілерге оларға барудың ерекше тәртібі белгіленген аудандар мен объектілерді ескермегенде, тіркеуші мемлекеттің аумағында еркін жүріп-тұру құқығы беріледі.

## **8-бап**

Тараптар тілшілердің өздерінің материалдарын тіркеуші мемлекеттік заңнамасымен тыйым салынбаған тәсілмен өздері өкілдік ететін бұқаралық ақпарат құралына еркін беру құқығын сақтайды.

#### **9-бап**

Тілшілерді тіркеу және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралының тілшілер қосынын ашу туралы өтінімдер жазбаша өтінішті алған күннен бастап 2 айдан аспайтын мерзімде қаралады.

#### **10-бап**

Визалық режим қолданған жағдайда Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес тұрақты тіркелген тілшілер мен олардың отбасына бірнеше мәрте қолданылатын кіру/шығу визаларын немесе тіркеуші мемлекет аумағына еркін кіруге және шығуға рұқсат беретін өзге құжат береді.

#### **11-бап**

Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тұлғасындағы Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес тұрақты тіркелген тілшіге қызметтік және тұрғылықты үй-жайды жалдауға немесе сатып алуға жәрдемдеседі.

Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес төтенше жағдайларда (табиғи апат, қайғылы оқиға, т.б.) тіркелген тілші мен оның отбасына көмек көрсетеді.

#### **12-бап**

Уәкілетті орган тұлғасындағы Тараптар тілші тіркеуші мемлекеттің заңнамасын бұзған жағдайларды ескермегенде, ол берген және тілші өкілдік ететін бұқаралық ақпарат құралы оны таратқан ақпараттың мазмұны үшін тілшіні тіркеуден шығару немесе оны тіркеуші мемлекеттен қуу сияқты шектеуші шараларды қабылдаудан қалыс қалады.

#### **13-бап**

Осы Конвенцияның баптарын қолдану және түсіндірумен байланысты мәселелер, сондай-ақ оны бұзу фактілері Тараптар уәкілетті органдарының консультациялары және келіссөздер арқылы шешіледі.

#### **14-бап**

Осы Конвенция оған қол қойған Тараптардың ол күшіне ену үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші хабарламаны депозитарийге өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті хабарламаны депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

#### **15-бап**

Осы Конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Олар осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделеді және осы Конвенцияның 14-бабымен көзделген тәртіпте күшіне енеді.

#### **16-бап**

Осы Конвенция оның баптарын бөлісетін және осы Конвенциядан туындайтын міндеттемелерді өз мойнына алуға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерге қосылу үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Конвенция қосылу туралы құжаттарды депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

### **17-бап**

Осы Конвенция күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады. Бұл мерзім өткеннен кейін Тараптар басқа шешім қабылдамаған жағдайда Конвенция әрқашан автоматты түрде бес жылдық мерзімге ұзартылады.

### **18-бап**

Әрбір Тарап шығуға дейін кем дегенде 6 ай бұрын ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Конвенциядан шыға алады.

2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында бір түпнұсқа данасында орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Азербайжан Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Молдова Республикасының*

*Армения Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Ресей Федерациясының*

*Беларусь Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Тәжікстан Республикасының*

*Грузия*  
Үкіметі үшін

*Түркіменстан*

*Қазақстан Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Өзбекстан Республикасының*

*Қырғыз Республикасының*  
Үкіметі үшін

*Украина*

Достастықтың басқа мемлекеттерінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін тілшінің мәртебесі туралы Конвенцияның жобасына

Грузияның қосымша түсінігі

Кіріспенің төртінші абзацын есептегенде

Зураб Жвания

Осы арқылы осы мәтін 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Достастықтың басқа мемлекеттерінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралы атынан өкілдік ететін тілшінің мәртебесі туралы конвенцияның куәландырылған көшірмесімен бірдей көшірме болып табылатынын куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрлігі  
Халықаралық-құқықтық*

*департаментінің кеңесшісі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК